



АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№18
(940)

Бейсенбі, 5 мамыр 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

9 мамыр күні аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

Еуропа, Азия аумақтарында алапат көлемімен өткен, өзінің қайғы қасіреті мен зардаптары жөнінен адамзат тарихындағы қанқұйлы Екінші әлем соғысына 61 мемлекет және 110 миллионнан астам адам қатысты. Қазақстандықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлестері зор. Еліміздің әрбір бесінші тұрғыны Отанын қорғауға әскерге шақырылып, майданға қатысты. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған 11 жерлес айыртаулықтардың есімдері біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Біздің парызымыз — бұл алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Бүгінгі ұрпақ Жеңіс жауынгерлері алдында мәңгілік қарыздар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ардагерлер мен тыл еңбеккерлері туралы: «Біз — жеңімпаз өкелеріміз бен аталарымыздың ұрпағымыз, олардың Ұлы Жеңіс арқасында бүгінгі күніміз бақытты» — дейді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс халықтың бірлігінің, майдан мен тыл бірлігінің, ұрыс даласындағы жаппай қаһармандықтың және халықтың еңбектегі ерлігінің нәтижесі екені сөзсіз. Сұрапыл соғыстың қатыгез оқиғалары уақыт ағысымен алыстаған сайын қайғы сезімі ұмытылмай, қираған елді мекендердің бейнесі естен шықпайды. Сондықтан осындай алапат қайталанбау үшін бейбіт пен тұрақтылыққа берік болуға міндеттіміз. Ынтымақ пен ел бірлігі әрқашанда біздің күш жігеріміздің басты бағдары болсын!

Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері!

Сіздердің Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық тарихына және еліміздің егемендігінің нығаюына қосқан үлесіңіз зор.

Қазіргі таңда жастарыңыздың ұлғайғанына, денсаулықтарыңыздың сыр бере бастағанына қарамастан, еңбектен шеттенбей, өздеріңіздің іс-әрекеттеріңіз, ақыл-парасаттарыңызбен кейінгі ұрпақты отансүйіштік рухта тәрбиелеу, қоғамның қуаттылығын нығайтуға өлшеусіз үлестеріңізді қосып келесіздер. Біз, бүгінгі ұрпақ, соғыс жылдарында батырлық пен қайсарлық танытқан Сіздерге шексіз алғыс білдіреміз.

Жеңістің осынау ұлы мерекесінде Сіздерге, ардақты ардагерлер, тыл еңбеккерлері, мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр, жанұяларыңызға құт-береке тілеймін.

Немере-шөберелеріңіздің қызығына бөлене беріңіздер. Еліміз тыныш, астамымыз ашық болсын!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Құрметті Қарулы Күштердің ардагерлері және әскери қызметшілер!

Қымбатты айыртаулықтар!

Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күні біз қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Еліміздің ер азаматы бүгінгі күні де өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда. Тәуелсіздігіміздің 25 жыл ішінде қазақстандық армия кеңінен нығайып, жаңа сапалы деңгейге жетілдірілді.

Отан қорғаушылар күні Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында өтуімен елеулі. Жеңімпаз халқымыздың жанкештілігі мен қаһармандығы еліміздің және бүкіл адамзаттың тарихында өшпес кезең болып мәңгілік қалады. Ұлы Жеңістің мұрасын сақтап, елді қорғау, аға ұрпақтың мұң-мұқтажын ұмытпау әрқайсымыздың қасиетті парызымыз.

Қымбатты жерлестер!

Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесімен құттықтай отыра, баршаңызға шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгілік пен игілік тілеймін.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Құрметті саумалкөлдiктер және қонақтар!

2016 жылдың 7 мамырында сағат 10.00-де Саумалкөл селосының орталық алаңында Отан қорғаушы күніне арналған мерекелік шаралар өтеді.

2016 жылдың 9 мамырында сағат 10.00-де Саумалкөл селосының орталық алаңында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығына арналған мерекелік шаралар өтеді.

Бағдарламада: митинг, әскери парад, театрландырылған көрініс, «Мәңгілік полк» шеруі, концерт, халықтық қыдырулар, спорттық шаралар, мерекелік сауда, дала асханасы.

Сағат 21.00-де мерекелік дискотека, әскери вальсінің конкурсы және мерекелік отшашу болады. **Баршаңызды мерекеге шақырамыз!**

Ұйымдастыру комитеті.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

ҚҰЛАГЕР, ШЕШЕҢ СҰҢҚАР, ӘКЕҢ ТҰЛПАР...



Біздің ата-бабаларымыз жүйрік атты бар асылына, арман-аңсарының асқар шыңына теңеп, бауырындағы баласындай өбектеп, алдындағы ағасындай ұлық тұтқан. Өнерді өмір-салт еткен серітап халық жүйрік жылқыға қаншама ән арнады, күй арнады, жыр арнады десеңізші?!

Есенғалиевтің мұрындық болуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай ат жарысы маусымының ашылу кезеңі болып өтті.

Бәйге десе делебесі қозатын жанкүйерлердің ойын ұққандай ат шаптыратын шабандоздар да оны қыздыра білді. Олар бап пен бақтың үйлесімін паш еткен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатынын жыл сайын дәлелдеп келе жатса, осы жолы тағы да бір дәлелдеді.

Мерекелік іс-шараға жиналған көпшілікті аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен және аталмыш ат жарысы маусымының ашылу салтанатымен құттықтап, сәйгүліктер жарысына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ең алдымен ат спортының жанкүйерлері 5 шақырымнан тұратын құнан бөгені тамашалады. Бұл жарысқа 4 сәйгүлік қатысып, солардың ішінен бірінші болып ауданымыздың намысын қорғаған Даниял Қайрошевтің «Керім» атты сәйгүлігі (шабандозы Дмитрий Буторин) келсе, мәреге екінші болып Сырымбет Есенғалиевтің «Власта» атты сәйгүлігі (шабандозы Бекжан Айтбаев) келді, ал үшінші орынды көрші Ғабит Мүсірепов ауданының «Топан» атты сәйгүлігі (шабандозы Саят Танашев) иеленді. Бұл жеңімпаздарды «Прекрасное» ШҚ-ның директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Бақыт Құсайынов арнайы грамоталармен және ақшалай сыйақымен марапаттады.

Жалғасы 2-бетте.

Мереке мезеті

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН АЙЫРТАУ

1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі болып тойланғалы да 10 жылдың жүзі болыпты. Жыл сайын осы мерекені тойлау еліміз үшін үлкен қуаныш, үлкен жетістіктің айғағындай болды. Себебі, бұл күні барша қауым бір-бірін тіліне, дініне, наным-сеніміне бөліп-жармастан бір атаның балаларындай бірігіп, бауырлардай қауышып, арқа-жарқа күй кешеді. Бүгінгі таңда ауданымыздың топтырағын 30-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекен етеді. Олардың барлығы да бұл мерекені асыға күтіп, ерекше дайындалады. Бұл мерекеде әр ұлттың ұлттық болмысы ұлықталып, дәстүрі сипатталады. Сондықтан, бұл күнді көпшіліктің төл мерекесі деуге келеді.

Осындай жарқын да, шуақты мерекені тойлауға арналған күнтізбенің айтулы күнінде аудан орталығының бас алаңында мерекелік көңіл күйді жаршысындай болып салтанатты әуендер шырықалып, түрлі ұлттың ас мәзірлері мен ұлттық киімдегі өкілдерімен салтанатты шара болып өтті.

Шараның басында қолдарына Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ту ұстаған бір топ жасөспірім балалар мерекелік шеру жасады.

Шараға аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров қатысып, айыртаулықтарға ізгі ниетін білдіріп, құттықтау лебізін жолдады: «Құрметті айыртаулықтар, сіздерді 1 мамыр — Қазақстан халқының мерекесі күнімен құттықтаймын! Бұл күн көпұлтты еліміз үшін ыстық ықылас, отансүйіштік пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі. Бейбіт өмір мен ынтымақтастық дәстүрлерін сақтай отыра, Қазақстан дамуындағы әсерлі жетістіктерге қол жеткізді. Мәңгілік ел ұлттық идеясын паш етеді.

Быыл еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойын атауда. Бұл жылдар баршаымыздың тағдырларымызды, ұмтылыс пен мақсаттарымызды біріктірді. «Бірлігі мықты елдің — болашағы да зор» деген өмірдің ақиқатын ұстанып, Қазақстандағы барлық этностар еліміздің дамуындағы ортақ ісіне өз үлестерін қосуда.



Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясының негізін құрайтын бірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық болған жерде қашанда іс нәтижелі болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық — біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету — әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Құрметті айыртаулықтар! Балаларымыз бен немерелеріміздің жарқын болашағы үшін алаңсыз еңбек етіп, тұрақтылық пен достыққа берік болайық. Жинақталған тәжірибені бағалап, төзімділік, қоғамдағы тұрақтылық үшін жауапкершілік сезіміне әрқайсымыз тәрбиеленуіміз жөн.

Еліміздің татулық пен келісімнің асыға күтер мейрамы — 1 мамыр мерекесімен құттықтаймын! Ізгі ниетпен сіздерге денсаулық, отбасыларыңызға жақсылық пен құт береке тілеймін.

Аудан әкімінің құттықтауынан соң түрлі ұлттың ұлттық киіміндегі жігіттер мен қыздар біздің Қазақстанымыз да көк аспанмыз көкжиегінде өркіндікте бейбіт, ері мәңгі самғап жүрсін деген ниетпен кегершіндер ұшырды.

Сонымен қатар, мерекеге орай аудан басшысы ауданымыздың өркендеуіне ат салысып жүрген түрлі салада жетістікке

жетіп жүрген бірқатар аудан азаматтары арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Атап айтар болсақ, Айыртау ауданында рухани-патриоттық тәрбиелеу, қоғамдық келісімді нығайту ісіне қосқан елеулі үлесі үшін және Қазақстан халқының бірлігі күніне орай жеке кәсіпкер Давид Духиян, республикалық «Абай оқулары» байқауы облыстық кезеңінің жеңімпазы Светлана Журина, Солтүстік Қазақстан облысы мәдени-ағартушылық «Полония Полночна» қоғамының Айыртау филиалының жетекшісі Людмила Кочинская, «Видергебург» неміс этномәдени бірлестігінің өкілі, «Sonnen Blüthen» би ұжымының жетекшісі Аксана Мельхер аудан әкімінің мадақтама грамоталарымен марапатталды. Сондай-ақ, Ағзам Ахметжанұлы жаңадан құрылған Белорусь қоғамының атына Алғыс хатты Галина Прядькоға табыстады.

Және де бір атап өтерлігі мәдени бірлестіктер мен орталықтардың қатысуымен түрлі ұлттың салт-дәстүрін паш ететін арнайы қойылымдар қойылып, тамашаланды.

Шараның өн бойына ер беріп, өзгеше леппен өрілуіне дәнекер болған аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері мен аудан көркемөнерпаздарының концерті де көпшілік қауымның көңілінен шықты.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген Мария АНДРЕЕВА.

Көктемгі егіс – 2016

АЛҚАПТАРҒА АТТАНЫС АЛДЫНДА

Жер төсін емген диқан қауымының қарбалас шағы – көктем. «Көктемнің бір күні-жылға азық» екенін терең түсінген аграршылар уақытты ұтымды пайдаланып, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу мақсатында қазіргі соңғы даярлық жұмыстары қауырт атқарылып жатыр. Сәуірдің 27-і күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің төрағалық етуімен «Достық Дән» ЖШС-нің базасында ауданымыздың аграршылары бас қосып, үстіміздегі жылғы көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу және ауданымыздың агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі міндеттер жайлы келелі кеңес өткізілді.



Аталмыш шараға облыс компанияларының, ғылыми-зерттеу орталықтарының, сұрыптау станцияларының өкілдері ауылдық округ әкімдері, ауылшаруашылық құрылымдарының басшылары мен мамандары, орман шаруашылығының мамандары, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Семинарға жиналғандарды шаруашылықтың көктемгі дала жұмыстарына жұмылдырылатын техникалардың жағдайымен шаруашылықтың бас агрономы Манат Габдуллин таныстырып өтті. Семинардың тәжірибелік бөлімінде аудан басшысымен егістік алқаптың ылғалдылығы да тыс қалмады.

Биылғы алдағы егіс жұмысын ұйымшылдықпен өткізу жайында Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен келелі кеңесте талқыланды.

Мәдениет үйінің кіреберісінде ауданның ет, сүт, нан өнімдерін өндіретін мекемелерінің өнімдерінен көрме де ұйымдастырылды.

Аудандық семинар-кеңесті аудан әкімі Ағзам Тастеміров ашып, жүргізіп отырды.

Семинарға Бараев атындағы Шортанды өндірістік-ғылыми орталығы зертханасының ғылыми қызметкері Виктор Юрченко, Солтүстік Қазақстан облыстық сұрыптау-тәжірибе станциясының зертхана меңгерушісі Ольга Гаас және ауыл шаруашылығы техникаларын жасаушы кәсіпорындардың өкілдері және ауданның ауылдық округтердің әкімдері, ауыл шаруашылығы құрылымдарының, орман шаруашылықтарының құқық қорғау органдарының, төтенше жағдайлар бөлімінің басшылары қатысты.

Семинарда баяндама жасаған аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов биылғы көктемгі егіс науқанын ұйымшылдықпен өткізу жайындағы шараларға толығымен тоқталып өтті.

Аманбек Ғазизұлының баяндауында ауданымызда биылғы егіс науқаны 395,1 мың гектар алқапқа жүргізу жоспарланып отыр, оның ішінде 304,6 мың гектарға дәнді дақылдар, 43,7 мың гектарға майлы дақылдар, 43,6 мың гектар алқапқа азықтық дақылдар, 2,7 мың гектарға картоп, 0,5 мың гектарға көкөністер себуі себілмекші.

Аудан бойынша 44,3 мың тонна тұқым қамбаға құйылған. Барлық тұқым кондициялы деп танылған.

Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдарына көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге барлығы 6015 тонна дизель отыны, 950 тонна бензин, 285 мың тонна дизель майы қажет. Қазіргі кезде ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен (56 шаруашылық) арзандатылған 5,3 мың тонна дизель отынына келісім-шарттар жасалған. Толық жанар-жағармаймен қамтамасыз ету үшін барлық жұмыстар жүргізілуде.

Техниканың жағдайына келер болсақ, биылғы көктемгі егіс науқанына 1155 бірлік трактор, 1153 тұқымсеңкіштер, 114 егу көшендері, 480-ге жуық жүк көліктері және басқа да көліктер жұмылдырылмақ. Жыл басынан бері ауданда ауыл шаруашылығы құрылымдарымен 24 бірлік жаңа техникалар алынған.

Сонымен қатар баяндамашы аудандағы мал шаруашылығының дамуына да кеңінен тоқталып өтті. Жыл сайын ауданда серіктестіктермен мал басының саны артуда. Өткен жылда мемлекеттік бағдарламалар арқылы мал басын ұлғайту жөніндегі жоспар толығымен орындалған. Биылғы жылда да «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 290 бас ірі қара, «Алтын асық» бағдарламасы арқылы 541 бас қой, «Құлан» бағдарламасы бойынша 174 бас жылқы және «Ырыс» бағдарламасы бойынша бір сүтті-тауарлы ферма іске қосылмақшы.

Семинарда Шортанды өндірістік-ғылыми орталығының зертхана меңгерушісі Бараев атындағы Шортанды өндірістік-ғылыми орталығы зертханасының ғылыми қызметкері Виктор Юрченко, облыстық сұрыптау-тәжірибе станциясының зертхана



меңгерушісі Ольга Гаас, «Бабық Борлық» ЖШС-нің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Сейілбек Махметов, «Агромашхолдинг» ЖШС-нің өкілі Нурлан Бекмурзиндер өз салалары бойынша көктемгі егіс науқанының ұйымшылдықпен өткізуі жөніндегі тиімді әрі пайдалы кеңестерін ортаға салса, «Казгидромет» РМК Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының бөлім бастығы Дәурен Қойшығұлов алдағы маусымдардағы ауа-райының болжамымен таныстырды.

Мәжілісті қорытындылаған аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы биылғы көктемгі егіс жұмыстарын уақытында ұйымшылдықпен атқарып, ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестіктер мен шаруа қожалықтары басшыларына бірнеше ауқымды міндеттер жүктеді.

Осы міндеттерді іске асыруда ауданның барлық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлері аянбай абыройлы еңбек ететініне сенімдіміз.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суреттерді түсірген автор.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

ҚҰЛАГЕР, ШЕШЕҢ СҰҢҚАР, ӘКЕҢ ТҰЛШАР...

Жалғасы. Басы 1-бетте.
Екінші жарыс – 10 шақырым қашықтықтағы жергілікті аттар жарысы болды. Бұл жарысқа 9 тұлпар шықты. Осы топ ішінен оқ бойы озып мәреге бірінші болып Бірлестік ауылының «Грань» есімді сәйгүлігі (шабандозы Ерасыл Кенжеболатов) келсе, екінші орында Ғабит Мүсірепов ауданының «Қарабайыр» атты тұлпары (шабандозы Ералы Елубаев) алды, ал үшінші болып ауданымыздың намысын қорғаған қарақамыстық «Топайкөк» есімді сәйгүлігі (шабандозы Дархан Алпыс) келді.

Бұл шақырымдағы жеңімпаздарды ауданның мәслихаттың хатшысы Берік Жанахметов марапаттады.

Мұнан кейін 10 шақырымға созылған топ бәйге жарыстың көркін қыздыра түсті. Бұл бәйгеде 11 сәйгүлік қатысты. Соның ішінде өзгеден шабысы бөлек петропавлдық «Садақ» атты сәйгүлігі (шабандозы Анатолий Пинко) басқалардан оқ бойы озып, мәреге бірінші келді. Ал екінші орынды Тайынша ауданының намысын үкілеп келген «Фаворит» есімді аты (шабандозы Есдаулет Рыспанбетов) иеленді. Ал үшінші аяқтаған Ғабит Мүсірепов ауданының «Айналайын» атты сәйгүлігі (шабандозы Ералы Елубаев) аяқтады. Осы қашықтықтағы жеңімпаздарды «Айыртау элеваторы» ЖШС-нің директоры Нұрбек Өтегенов марапаттады.

Бап пен бақтың, жампоздық пен жүйріктіктің нағыз жаулауын желбіреткен жарыс 15 шақырымдағы аламан бәйге болды. Бұл қашықтықтағы жарысқа аудан әкімінің жүлдесі сарапқа салынды. Жарысқа шыққан 5 сәйгүліктің соңғы айналымға дейін кімнің жеке дара келетінін айту мүмкін болмады. Аламан бәйгесінің қорытындысы бойынша тайыншалық «Дидар» атты сәйгүлігі (шабандозы Есдаулет Рыспанбетов) мәре сызығына бірінші болып келсе,

патропавлдық «Лазер» атты тұлпар (шабандозы Анатолий Пинко) жүлделі екінші орынды иеленді, ал жүлделі үшінші орынға Ғабит Мүсірепов ауданының «Қаракөз» есімді сәйгүлігі (шабандозы Саят Танашев) қол жеткізді. Аламан бәйге жарысының жеңімпаздарын аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы құттықтап, аудан әкімінің грамоталары мен

арнайы жүлдесі ақшалай сыйлықтарын табыстады. Сонан соң сахна төрінде аудан басшысы айтулы ат жарысына қолдау көрсеткен ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдарының, орман шаруашылығы және ауданның электр желісі жүйесі басшыларына алғысын білдірді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерде: аламан бәйгенің жеңімпаздары аудан басшысымен бірге (1-бетте),

ат жарысынан көрініс. Суреттерді түсірген автор.



Ол күндердің өшпес даңқы

ӨМІР ЖАЛҒАСУЫ ҮШІН...



Біздің жерлестеріміз өз балалары мен немерелерінің бақытты болашағы үшін қан майдан соғыста асқан ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің ерлігінің алдында басымызды иеміз. Солардың бірі Нығмет Ахмеров еді.



Ол 1900 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданы Қоскөл ауылындағы Ахмер мен Аян Тайшықтың отбасында үш қыздың ортасындағы жалғыз ұл болып өмірге келді.

Нығметтің өмір жолы қиыншылыққа толы болды. 4 сыныптық білімі болды. Еңбек жолын балалық шағынан өзі туып-өскен ауылында бастады. 1928 жылдан Көкшетаудағы қалалық милицияда қызмет атқарды. 1936 жылдан Орлиногор орман шаруашылығында орманшы болып жұмыс жасады. 1941 жылы Айыртау аудандық әскери комиссариаттың шақыртуымен Петропавл қаласына әскери іс-қимылдарды оқыту үшін алты айлық курсқа жіберіледі де, әрі қарай жаяу әскер құрамында майданға аттанады.

Бір жарым жыл бойы Ленинград қаласын қорғайды. Оның бір бөлігі жалпы жаяу әскер болып аталынады. Содан соң Литва, Латвияны азат етуге қатысады.

1943 жылы майданда жүріп Кеңес Одағы партиясының қатарына шақырылады. Екі рет жараланып, госпитальда емделген соң, қайтадан ұрысқа араласады. Жараланған кезінде екіне бұлшықет тініне зақым келіп, өмір бойы аяғын ақсап басып өтті.

Жеңісті Берлинде қарсы алды. Рейхстаг қабырғасына өз тегін жазып кеткен. 1946 жылы елге оралып, Кеңес әскери құрамында Латвияны қайта орнатуға қатысады. Отанына оралған соң Орлиногор орман шаруашылығында қызмет жасайды. Содан кейін партияның жолдамасымен Зеренді ауданындағы Кіші Тоқты орман шаруашылығында жұмыс жасап, кейіннен Горный орман шаруашылығына ауысып, отбасымен бірге Нижнеборлық ауылында тұрады. 1960 жылы зейнетке шығып, Арықбалыққа үлкен ұлы Қалымжанның қолына көшіп барады, онда Арықбалық совхозының күзетшісі болып жұмыс жасайды. Майдандағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбегі үшін түрлі деңгейдегі наградалары бар. Жеңістің 30 жылдығында 80 жасында 9 адамнан құралған облыстық делегация құрамында Латвиялық майдандас досымен кездесуге қатысады (суретте алдыңғы қатардағы ортасында Нығмет Ахмеров).

Әкелік бақытқа көнеліп, жұбайы екеуі 4 ұл және Гүлжан атты бір қыз тәрбиеледі. Үлкен ұлдары Қалымжан мен Әлімжан және қызы Арықбалық ауылында тұрады. Екі ұлы жастайынан бақилық болды. 85 жасында Нығмет Ахмеров те дүние салды.

Бірақ Ахмеровтер отбасының балалары мен немерелері бастары қосылса, аталарының аузынан естіген әскери және бейбіт өмірдегі әңгімелерді естеріне түсіреді. Мысалы, 80 жылдары Арықбалықта Имантау өзені бойында «Менің үшінші курстағы махаббатым» фильмі түсіріледі. Жергілікті тұрғындардың біразы фильмге көпшілік болып түседі. Фильм режиссерінің назары ақ жарқын, көпшілік келісті ақсақалға түсіп, фильмнің эпизодына түсуге шақырады. Эпизодта сәйкесінше киініп, аттың үстінде режиссер берген мәтін бойынша жастарға үндеу жариялап тұрған құрметті ақсақал рөлін сомдайды. Берілген рөлді Нығмет ата өте жақсы ойнап шығады.

Әскери өмірдің бейнесі – балшықта өмір сүріп, өз адамдарыңды күту. Өте қатал болды. Айнала судың ішінде жер жастанып, тамақ пен суды үнемдеп жеткізу. Дегенмен, жаяу әскер жауынгерлері қиындықтарға шыдап, Жеңіске жете білді.

Ұрпақтар аталар ерлігін ұмытпай, өз тегін білгені жақсы. Осындай естеліктер ұрпақтар өкілінен қасиетті жіп секілді біріне-біріне жалғап отырады. Жерлестеріміз және Нығмет ата жеңіп алған Жеңістің арқасында өмір жалғасады.

Валентина АХМЕТОВА,
еңбек ардагері.
Арықбалық ауылы.

Автошеру

Қонақтарды ұлттық-мәдени орталық қарсы алады



26 сәуір күні ауданда жастар бастамалары орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған автошеру бастау алды. Автошерудің мақсаты Қазақстан халықтарының бірлігі күні қарсаңында ұлттық-мәдени орталық өкілдерімен кездесу болып табылады.

Алғашқы белгіленген меже Арықбалық ауылы болды. Мұнда екі бірдей этномәдени бірлестік жұмыс жасайды: «Видергебург» неміс қоғамының филиалы және

«Понтос» грек ұлттық-мәдени орталығы. Автожарысқа қатысушылармен кездесу ұйымдастырылған Арықбалық орта мектебінің қабырғасында аталған бірлестіктердің қызметіне арналған көрме ұйымдастырылыпты.

Арықбалықтықтар жастар бастамалары орталығының басшысы Алмас Қоспановты қошеметпен қарсы алды. Ол барлық жиналған қауымды келе жатқан Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бұл жалпыхалықтық мереке біздің мықты достығымыз бен тұтастығымыздың символы екенін және Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы қатынасын сақтауымызды үнемі айтып отыратындығын атап өтті.

«Понтос» грек ұлттық-мәдени орталығын Константин Муратов басқарады. Оған бұл ретте жұбайы Елена көмектеседі. Константин Иванович тағдыр жазуымен 40 жылдары және басқа да қуғынға ұшырап, Қазақстанға қоныс аударған гректер Арықбалық ауылында көптеп қоныстанған. Олар мұнда екінші Отанды тапты. Кейбірі көшіп кетсе де, көпшілігі Айыртау жерінде өмір сүреді, балаларын тәрбиелеп, көпұлтты мемлекетіміздің игілігі үшін еңбек етеді.

«Ритм» би тобының орындауындағы «Сиртаки» биі (көркемдік жетекшісі Гүлмира Сейілханова) көрермендерге Жерорта теңізінің ыстық табиғат көрсететін ежелгі мифтер мен аңыздармен астасқан грек мәдениетінің тынысымен тануға мүмкіндік берді.

«Видергебург» неміс қоғамы филиалының жұмысы туралы бізге оның жетекшісі Валентина Тиденберг баяндап берді. Аталған бірлестік ауданда 2000 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Жұмысының негізгі бағыты неміс тілін оқыту мен мәдени дәстүрлерін жандандыру болып табылады. Надежда Фадевананың жетекшілігімен тоқмаға тоқу үйірмесі, Оксана Мельхердің жетекшілігімен би үйірмесі жұмыс жасайды. «Sonnenblume» би ұжымының бишілері өз ауылдарында ғана емес, аудан сахналарында да өнерлерін көрсетіп тұрады. Бұл күні олар шараға қатысушыларды неміс биімен қуантты. Ән-би әуелеген осы сәтпен кездесу өз мәресіне жетті. Автошеру қатысушыларының келесі аялдаған мекені – Кутузовка ауылы болды, онда «Вайнах» шешен-ингуш мәдени орталығы жұмыс жасайды. Ал Антоновка ауылында «Червона рута» украин мәдени орталығы, Имантау ауылында «Сююмбике» татар мәдени орталығы жұмыс жасайды.

Мария АНДРЕЕВА.
Аударған Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Бәсекелестікті ілгерілету

2016 жылғы 26 мамырда IX АЭФ шеңберінде бәсекелестік мәселелеріне арналған «Бәсекелестікті ілгерілету: жаңа қойын ережелері» аптты сессия өтеді.

Астана экономикалық форумы Еуразиялық кеңістіктегі жыл сайын өтетін тарихи оқиға болып табылады. Жыл сайын Қазақстан Республикасының астанасында әлемдік экономикалық қоғамдастықтың өкілдері, қазіргі және бұрынғы мемлекет басшылары, Нобель сыйлығының лауреаттары, ғылыми әлемнің органдары мен бизнесмендер жиналады. Биылғы жылы мамыр айының 25-26 күні өтетін IX АЭФ басты тақырыбы «Жаңа экономикалық шынайлық: әртараптандыру, инновациялар және білім экономикасы» болып табылады. Сондай-ақ IX АЭФ шеңберінде 25 мамыр 2016 жылы бәсекелестік мәселері бойынша кеңес өтеді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында монополияға қарсы қызметтің жұмыс тұжырымдамасын өзгерту және ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес келтіру (53-қадам) көзделген.

53-қадамды іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын үздік халықаралық тәжірибеге және халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2015 жылғы 29-30 қазанда Париж қаласында ЭЫДҰ-ның Бәсекелестік жөніндегі жаһандық форумының отырысы өтті, оның сессияларының бірі Қазақстан Республикасының бәсекелестік құқық саласындағы заңнамасын және саясатын сараптамалық шолуға арналды.

Сондай-ақ осы жылы Қазақстан Республикасының монополияға қарсы реттеуге 25 жыл мұны атап өту маңызды оқиға болып табылатыны сөзсіз.

Іс-шара Астана экономикалық форумының негізгі күніне, 2016 жылғы 25 мамырға жоспарланып отыр.

Сессия бағдарламасында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Б. Сағынтаевтың, ЭЫДҰ-ның Бәсекелестік жөніндегі комитетінің төрағасы Фредерик Женнидің және әлемнің жетекші монополияға қарсы органдары өкілдерінің сөз сөйлеуі жоспарланған. Сессияға қатысушылар ЭЫДҰ-ның стандарттарына және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасына енгізілген соңғы өзгерістермен танысады.

Бұл сессияның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы экономикалық саясатын дамытудағы монополияға қарсы реттеу мен бәсекелестікті қорғаудың рөлін және оны одан әрі дамыту перспективасын көрсету.

2016 жылдың мамыр айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдау-шының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	04.05. 2016 ж.	Науанова Мафру-за Тасболатқызы	Айыртау ауданы әкімінің орынбасары (келісім бойынша)
2	06.05. 2016 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	Айыртау ауданының әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша)
3	11.05. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ы төрағасының бірінші орынбасары
4	13.05. 2016 ж.	Рамазанова Марал Тұрғынбекқызы	«Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің басшысы (келісім бойынша)
5	18.05. 2016 ж.	Олжабаева Меңдігүл Олжабайқызы	Саумалкөл қазақ ОМ-нің директоры, №3 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партия-сынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
6	20.05. 2016 ж.	Жақыпов Сайрам-бек Көрібайұлы	«Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы (келісім бойынша)
7	25.05. 2016 ж.	Бейтенов Айдарбек Ағзамұлы	БатысАЭЖ «Көкшетау-Энерго» филиалының директоры, №4 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
8	27.05. 2016 ж.	Қазжанов Айдын Сапарбекұлы	«Айыртау ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

2016 жылдың мамыр айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдаушы-ның Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазы-мы
1	04. 05. 2016 ж.	Молдахметов Саят Фазизұлы	Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
2	11.05. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының АФ төрағасының бірінші орынбасары
3	18.05. 2016 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
4	25.05. 2016 ж.	Галиаскарова Альфия Васильевна	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі 2016 жылғы 27 мамырда сағат 11.00-де www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында коммуналдық меншіктегі жекешелендірілген объектілерді сату бойынша электронды аукционды өткізу туралы хабарлайды.

Коммуналдық меншіктегі объектілерді сату, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру объектілерді сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционға коммуналдық меншік объектісі ең кіші бағаны белгілеусіз бағаны төмендету бойынша қойылады:

1.Бұрынғы дерігерлік амбулатория ғимараты,теңгерім ұстаушы «Арықбалық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ. Объектінің орналасқан жері: СҚО, Айыртау ауданы, Арықбалық ауылы. Мәредегі (алғашқы баға) -7 357 000 теңге. Кепілдік жарна-1 103 550 теңге.

2016 жылғы 19 мамырда сағат 11.00-де www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында бөлек негіздер бойынша аудандық коммунал меншігіне түскен (айналымға түскен) мүлікті сату

Электрондық аукционға сауданың голланд әдісі бойынша коммуналдық меншіктің келесі объектілері қойылады:

Су мұнарасы, Үкілі Ыбырай ауылы. Бастапқы құны-159 000 теңге. Мәредегі құны-79 000 теңге. Төменгі құны-24 568 теңге. Кепілдік жарна -23 850 теңге.

Бұрынғы бастауыш мектап ғимараты, Сарытүбек ауылы. Бастапқы құны-267 000 теңге. Мәредегі құны-1 335 000 теңге. Төменгі құны-77 630 теңге. Кепілдік жарна-40 050 теңге.

Бұрынғы ауылдық клуб ғимараты, Сарсай ауылы. Бастапқы мәредегі құны-367 000 теңге. Мәредегі құны-1 835 000 теңге. Төменгі құны -106 705 теңге. Кепілдік жарна - 55 050 теңге.

Мүлік жер төлемдерінсіз жүзеге асырылады. ҚР Жер Кодексіне сәйкес, жеке жер учаскесінің кадастрлық құны бөлек төленеді.

Электронды аукционды өткізу бойынша Қосымша ақпаратты мына сайт www.gosreestr.kz арқылы немесе келесі телефондар бойынша таныса аласыз: 8(715-33) 22-3-69.

Дін саласында мемлекеттік қызмет көрсету туралы

Жалғасы. Басы газеттің өткен санында.

5) діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлар орналасқан аумақта әрекет ететін жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) немесе үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналыстарының діни іс-шаралар өткізуге (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) тұрғын үйлер болған жағдайда ұсынылады) келісетіні туралы шешімінің көшірмесі;

Жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиыны) немесе кондо-миниум объектісінің органы болмаған жағдайда жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның аталған үй-жайда діни іс-шаралар өткізуге келісімі туралы хаты ұсынылады (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) жеке тұлғаның үйі, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің үй-жайы болған жағдайда ұсынылады);

6) меншік иесінің үй-жайды діни іс-шараларды өткізу үшін пайдалануға келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады);

Осы тармақтың 5), 6) тармақшаларында көзделген құжаттарда көрсетілген күн өтініш берілгенге дейін үш айдан артық болмауға тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз ретінде егер діни бірлестіктердің қызметі:

1) бір діннің үстемдігін орнықтыруға, зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарың шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір мәжбүрлуге;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен, ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен), туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға түрткі болуымен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасса;

4) Қазақстан Республикасының азаматтарың шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қаиырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Респу-бликасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдала-на отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартса;

5) діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктеуге итермелесе;

6) дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға түрткі болса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу ту-ралы келісу-хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап беріледі.

Жыл басынан осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша облыста ғибадат үйлерінен тыс жерлерде 7 іс-шара өткізілді.

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру», «Діни іс-шараларды өткізуге арналған

Өрендер өмірі

ҚОЛЫҢНАН КЕЛЕР ІС БОЛСА - ӨЗ ТАҢДАУЫНДЫ ЖАСА

Адам өмірінің негізгі бір бөлшегі жұмыс борлып табылады. Жұмыстың табыстылығына, жауапкершілік пен мазмұнына қарамастан, ол адамның өмірлік жолын, субъективті құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар, адамдар өмірінің «әлеуметтік түсіні» қалыптастырады.

Қазіргі уақытта жастар ортасындағы негізгі мәселенің бірі – жұмыссыздық бо-луы, жалақының төмен болуы, жас мамандарға арналған жұмыс орындарының жетіспеушілігіне байланысты. Өкінішке орай, қазіргі таңда жастардың жұмыссыз қалуы қоғамдағы орнынан, жұмыс тәжірибесінің жоқтығына байланысты көбеюде.

Солтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Жастар бастамалары орталығы» КММ қызмет бағытының негізі жұмыспен қамту болып табылады. Қазіргі таңда, Орталық еңбек нарығындығы негізгі суранысқа ие мамандықтарды сараптай келе, бос орындар базасын құрып, мемлекеттік жастар бағдарламалары бойынша кеңес беруде.Әрдайым бос орындар жәрмеңкесі жүргізіліп, жұмыс іздеушілер жұмыспен қамту бойынша кеңестер алып, үміткерлерге қандай міндеттемелелер қойылатыны туралы ақпаратты алады. Сонымен қатар,

Жемқорлыққа жол жоқ!

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ - МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫНАН

Ағымдағы жылғы 26 сәуірде Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының мамандарымен № 8 эстетикалық тәрбие беретін орта мектебінің жоғары сынып оқушыларына дәріс оқылды.

Қай мемлекеттің болмасын, ілгерілеуін іріктетін ішкі індеттердің бірі – жемқорлық. Жаһанның жағасына жармасқан жұқпалы дерт Қазақстанда да жоқ емес. Сондықтан, сыбайласқан қылмыстық әрекеттердің алдын алу мектеп табалдырығынан басталуы тиіс.

Осы мақсатты көздеген Департамент мамандары, оқушыларға жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру жөнінде олардың өмір жо-лында қажет болатын пайдалы кеңестерін беріп, 2015 жылы әшкереленген жемқорлық құқық бұзушылықтардан бірқатар мысалдар келтірді.

Өскелең ұрпақты Қазақстанның «Transparency International» тәуелсіз ұйымымен жемқорлықты қабылдау деңгейі жөніндегі жыл сайын

үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жер-лерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сәйкес облыста діни әдебиет сататын 8 дүкен жұмыс істеп тұр. Бұл қызметті алу үшін мыналар қажет:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты-на қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін салыстырып тексеру мақсатында құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

3) көрсетілетін қызмет алушы қол қойған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орнала-стырылуы туралы еркін нысандағы негіздеме-анықтама (сауда, қосалқы, әкімшілік-шаруашылық үй-жайлардың бар-жоғы, саны, сондай ақ, үй-жайдың пайдалану мақсаты діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпаратты, діни мақсаттағы заттар-ды қабылдауға, сақтауға және сатылымға қоюға әзірлеуге арналғандығы; үй-жайды салу мақсаты; үй-жай орналасқан үйлерден (ғимараттан) үш жүз метр қашықтықта рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ғимараттары, білім беру ұйымдары ғимараттары жоқ екендігі көрсетілген);

4) жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының көшірмесімен қоса, құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі және жер учаскесінің сәйкестендіру құжатының көшірмесі, нотариал-ды куәландырылған не салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылады;

5) меншік иесінің үй-жайды діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін пайдалануға рұқсат етуге келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады).

Құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (оның болған жағдайында), құжаттардың қабылданған күні, мерзімі және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесі осы тармақта көрсетілген құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті алушының қабылдап алғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекту туралы облыс әкімдігінің қаулысы шығарылады.

Дін істері басқармасы құжаттар қабылдауды және жоғарыда аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижесін беруді дүйсенбіден бастап жұманы қоса сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түсі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (демалыс пен мерекелік күндерді қоспағанда) Парк көшесі, 57 «В», № 415-кабинет мекен-жайында жүзеге асыратынына бас назар аудару керек.

Бұдан бөлек, халыққа қолжетімді болу және хабардар ету мақсатында мекемеде мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөнінде көрнекі ақпараты бар (заң, стандарттар, регламенттер, өтініш үлгілері, шағым журналы) стендтер орналастырылған.

Басқарманың ресми сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі жұмыс істеп тұр, онда Басқармада көрсетілетін қызметтердің стандарттары, регламенттері, тізбесі және тізілімі орналастырылған.

Халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартудың тиімділігі мақсатында көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген қызмет сапасына қанағаттанушылық карточкасын толтыруы жүргізілді.

Бір сөзбен айтқанда, дін істері басқармасы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу және олардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасау үшін қолдан келгенін бәрін істеп жатыр.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметкерлердің сапасы мен уақытында берілуі бойынша шұғыл шара қабылдану үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің байланыс тел. 8(7152)50-24-19 және дін істері басқармасының сенім тел. 8(7152)53-42-67 хабарласуға мүмкіндік бар.

Мұратбек ЗЕЙНУЛЛИН, СҚО Дін істері басқармасының басшысы

Орталықпен ақысыз негізде көмелетке толмағаннан 16 -18 жас аралығында (әрқайсысы уақытша оқуынан тыс уақытта жұмысқа тұра алады) және 18-29 жас аралығындағы жұмыссыздарды қабылдайды. Жастарға арналған көп жұмыс орындары ауыл шаруашылығы, нарық аясында, сонымен қатар қызмет көрсету аясында асып жатыр.

Орталықтың бос орындар базасы әр апта сайын жаңартылып отыра-ды. Қазіргі уақытта 637 бос орын-нан құралған. Мектеп пен колледж түлектерімен, жұмыссыз жастармен кездесулер өткізіледі.

Қосымша ақпарат үшін 8(7152)50-47-05 теле-фоны бойынша Солтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Жастар бастамалары орталығы» КММ хабарласуыңызға болады.

Анастасия КУДРЯШОВА, СҚО ішкі саясат басқармасының «Жастар бастамалары орталығы» КММ жұмыспен қамту бойынша инструкторы.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 5-48-2 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1.Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымшаға сәйкес қосымша реттелсін.

2.Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С.ПОНОМАРЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының XXXXVIII кезектен тыс сессиясының төрағасы.

Р.ТЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы.

Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 3723 болып тіркелген, Айыртау ауданы мәслихаты аппаратының maslihat-airtau.sko.kz сайтында жарияланған.

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 17 наурыздағы № 5-48-2 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу

Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу (бұдан әрі – Қосымша реттеу) «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңына сәйкес, жергілікті жердегі жағдайларды және Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы аумағындағы Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын ескеріп әзірледі.

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

Митингілер мен жиналыстар өткізу орыны болып осы Қосымша реттеудің 1-қосымшасына сәйкес орындар анықталсын.

Шерулер мен демонстрациялар өткізу орыны болып осы Қосымша реттеудің 2-қосымшасына сәйкес маршруттар анықталсын.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді немесе демонстрацияларды өткізу орындарында шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың: көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына; елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне; ауданның жергілікті атқарушы органымен келісусіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына; жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне; өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілердің басқа жағдайларын бұзу болса немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

алкоголь ішімдіктерін ішуге, есірткі заттарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды қолдануға;

қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспаранттар, ұрандар,басқа да материалдар (визуалды, аудио/видео) пайдалануға, сондай-ақ көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізілетін объектінің маңында тұруға, отыруға; 2) көрнекі насихат құралдарын пайдалануға; 3) пикет тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, слогандар айғайлауға рұқсат беріледі. 8. Пикетті митинг, жиналыс, шеру немесе демонстрацияның басқа нысанына өзгерту, өзге түрде жалғастыру үшін белгіленген тәртіпте Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің рұқсатын алу қажет. 9. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінен жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті, демонстрацияны өткізуге бағ тартылған немесе бағ тыйым салу шешімі шығарылған жағдайда уәкілдер (ұйымдастырушылар) барлық дайындық іс-шараларын тоқтату бойынша және бұл туралы ықтимал қатысушыларды тиісті хабардар ету бойынша шара қолдануы қажет.

Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша:

1) өтініш берілмеген болса; 2) тыйым салу туралы шешім шығарылса; 3) оларды өткізудің тәртібі бұзылған жағдайда; 4) азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе; 5) қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайда тоқтатылады. 12. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі өкілінің заңды талаптарын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.

Жария ету

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2014 жылдың 1 қыркүйегінен Қазақстанда «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтырхаты бар адамдарға олардың мүлкіті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы № 213-V заңы енгізілді.

Осылайша мемлекет «Жекешелендіру-2014» бағдарламасы түрінде ықтияр етушілерге заңды түрде өзінің мүлкін, сонымен бірге бұрынырақ жарияланған экономикалық айналыстан шығарылған ақшаны да жария етуге көмек көрсететін біржолғы акция жүргізеді.

Занда жария етілетін мүлкіткі тізбесі анық жазылған. Оларға - ақша, құнды қағаздар, заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлесі, құрылыс нормалары мен қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жылжымайтын мүлік, ғимараттар, сондай-ақ республиканың шегінен тыс орналасқан.


Бірақ жоғарыда көрсетілгендердің барлығы жарияланбауы мүмкін. Бұл - егер мүлік пен ақша адамның және мемлекеттің құқығына, бостандығына қарсы жасалған қылмыстар, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық пен қылмыс, сондай-ақ ақшаны, құнды қағаздарды және құжаттарды заңсыз жасау нәтижесінде табылған болса.

Сондай-ақ құқықтары сот тәртібімен дауласудағы немесе заңды түрде жол берілмейтін мүлік жариялауға жатпайды. Бұларға да несие түрінде алынған ақша, мемлекет пайдасына табысталуға жататын мүлік, бюджеттік қаражат


Айыртау таңы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеуге 1-қосымша **Митингілер және жиналыстарды өткізу орындары**

Саумалкөл ауылы, орталық алан.




Саумалкөл ауылы, би алаңы.




Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінқосымша реттеуге 2-қосымша **Шерулер және демонстрацияларды өткізу маршруттары**

1-маршрут: Саумалкөл ауылының Достық көшесі бойынша «Саумалкөл» дүкенінен бастап «Континент» дүкеніне дейін.



2-маршрут: Саумалкөл ауылының Ш.Уәлиханов көшесі бойынша «Айыртау - Информ» ЖШС ғимаратынан бастап «Ильяс» дүкенінің ғимаратына дейін.



есөбінен құрылысы аяқталған жылжы-майтын мүлік нысандарындағы тұрғын және тұрғын емес жайлар жатады.

Ақшадан басқа мүлікті жария етуге ықтияр барлық тұлғаларға Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан мүлік бойынша тиісті құжаттарды тапсыру үшін осы азаматтардың мекенжайы бойынша салық органдарына жүгіну қажет. Ал Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мүлікке қатысты барлық жергілікті әкімдіктерде арнайы құрылған комиссиялар қарастырылған.

Осы инстанцииларға жүгінген кезде азаматтар тиісті үлгіде екі дана мүлікті жариялауға өтініш, түпнұсқаны ұсынумен жеке куәліктің көшірмесін тапсырулары қажет, сондай-ақ, нысанның техникалық құжаты, нысанның құрылыс нормалары мен қағидаларға сәйкестігін тексеретін ғимараттар мен ғимараттарды техникалық зерттеуге қатысты сараптама қорытындысы қажет болады. Көрсетілген Заң күшіне енгеннен ба-

стап өзінің мүлкі мен ақшасын жария етуге ықтиярлар олардың сақталуы және табыс салығын салу мүмкіндігі үшін қам жемеуі керек. Заңмен оларды табыс түрінде қарастыру көзделмеген.

Сондай-ақ осы Заңмен біреуді қылмыстық немесе әкімшілік тәртіпте қудалау үшін пайдалануға болмайтын мемлекеттік органдар мен лауазым-ды тұлғалардан жариялау үрдісінде алынған ақпаратқа қатысты кепілдік қарастырылған.

Туындаған сұрақтар бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің жанындағы Мүлікті жария ету бойынша аудандық комиссияға жүгіну қажет, мекен-жайы: Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй, 10 кабинет. Сенбі мен жексенбіден басқа күндері сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін, тел. 8(71533) 22-751.

Нұрлан ТӨРЕБЕКОВ,
ауданының Мүлікті жария ету бойынша комиссия төрағасының орынбасары.

Қосымша келісімге қол қойып, өтемақыңызды алыңыз!

31 мамыр – өтемақы төлеу үшін тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен қосымша келісім жасасудың соңғы күні. Бұл жайында әлденеше рет хабарланғанына қарамастан, облысымыздағы салымшылардың бәрі бірдей әлі де болса асығар емес. Бүгінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Абдрахманова Райхан Тілекқызы қосымша келісім жасауға болатынын айтып кетті.

- Облысымызда 14 695 салымшы өтемақы алуы тиіс. Соның ішінде 6 436 салым иесі қосымша келісімге қол қойды. Алайда жарияланған мерзімнің аяқталуына небәрі шамалы күн қалды. Егер мамыр айындағы мерекелерді ескерсек, жұмыс күндерін саусақпен санап шығуға болады. Осыған орай, аймақтағы салымшыларымызға қосымша келісім жасауды кейінге қалдырмауға шақырамын.

- Клиенттерімізге қолайлы болуы үшін, біз бұл рәсімді электронды түрде ғана емес, қағазда жасауға да мүмкіндік бердік. Енді жеке куәлігімен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің кез келген бөлімшесіне келіп, қосымша келісімге әрі кетсе бес минут ішінде қол қоюға болады. Бұдан бөлек, біздің филиалдың штаттан тыс агенттері Банк бөлімшесіне жетуі қиың Интернетпен қамтылмаған шалғай аудандарға барып, салымшылардың қолдарын жинап жүр. Алайда, агенттеріміздің саны да, мүмкіндігі де шектеулі. Сондықтан салымшылардың өзі белсенділік танытуы тиіс.

- Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымдарға өтемақы төлейтіні баршаға мәлім. Былтыр Елбасы халық алдында өтемақы төлеуге тапсырма берді. Бұл мәселеге қатысты Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев пен біздің Банктің топ-менеджерлері бірнеше рет мәлімдеме жасады. Бұл – бір. Екіншіден 8 ақпанда Банк бұқаралық ақпарат құралдары арқылы рәсімдердің басталғанын ресми түрде жариялап, өтемақы төлеу тетіктерін түсіндіріп берді. Үшіншіден, Орталық аппараттың call-орталық қызметкерлері, мұны аз десеңіз, өздігінен қоңырау шалатын роботтар салымшыларға қоңырау шалып жатыр. Филиалымыздың қызметкерлері де клиенттерге күн сайын қоңырау соғады. Республикалық БАҚ-тар арқылы күн сайын келісімге қол қою барысы жайында ақпарат таратылып, аралық нәтижелері жиі жарияланып тұр. Осы тақілеттес дәстүрлер байланыс арналарынан бөлек, әлеуметтік желілерде де, облыстық телеарнада да жұмыстар жүргізілуде.

- Ұлттық валюта бағамы 2015 жылдың 18 тамызында түзетілгені естеріңізде болар. Ақордада Екінші деңгейлі банктердегі салымдарға өтемақы төлеу туралы сөз болған кезде, Елбасы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін ерекше атап өтіп, біздің банк салымшыларына өтемақы төлеуге тапсырма берді. Сол кезде, яғни, 188,35 теңге болатын бастапқы бағаммен салым қалдықтарын нақтылау, 2015 жылғы 20 тамыздағы мемлекет басшысының тапсырма берген және 255,26 теңге болатын бағамның нақтылану күндері арасында, бағам айырмашылығы 30-35 пайыз деңгейде белгіленген еді.

Өтемақы көлеміне қатысты, 35,5 пайыздық жежені қоғам бастан-ақ сын тезіне алды. Түрлі сарапшылардың, блогерлер мен журналистердің пікірлерінен бұл анық көрінді. Бірақ тұрғын үй нарығына қараңыздаршы, баспана са-тып алу үшін ақша жинап жатқан салым-шылар үшін өтемақы өте тиімді ұсыныс болып отыр. Тұрғын үйдің теңгелей бағасының өсімі 19%-дан асқан жоқ. Бұл— салымшы мұны ағымдағы жылдың шілде айында бірінші транштан-ақ жабады де-ген сөз. Ал 16,3% көлеміндегі екінші транш-ты таза пайда деп атауға да болады. Сондықтан біз клиенттерімізге қосымша келісімге қол қойып, өтемақыңызды алыңыз деп қысылмай айта аламыз. Салымшы бұл үшін жақсы мүмкіндік беріп отыр. Мұны пайдаланып қалу керек. Бұл ақша, әрбір теңге, тұрғын үй алған кезде үлкен маңызға ие болмақ.

Жыл басында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің дамуында шешуші рөлге ие болатын және салымшыларымызға үлкен пайда әкелетін үлкен оқиға болды. Елбасы қолжетімді әлеуметтік тұрғын үйлер салуға қосымша 127 млрд. теңге көлемінде қомақты қаржы бөлуге тапсыр-ма берді. 22млрд. теңгетұрғынүйқұрылыс жинақ банкінің салымшыларына кредит беруге бөлінді. Сондықтан осы жылдан бастап әлеуметтік тұрғын үйге деген ора-сан сұранысты қанағаттандыруға нақты мүмкіндік бар. Бұған қаржы да жеткілікті. Еліміздің барлық өңірлерінде пұлдар көп жарияланған кезде, салымшының шотын-да жатқан әрбір теңге, өзіңіз айтқандай, зор маңызға ие болады. Мемлекет пен банк төлеген депозитіңіздің 35,5%-ы көлеміндегі өтемақы арманыңыздың орындалуына септігін тигізбек. Біздің салымшыларымызға қолайлы болу үшін Банк филиалының жұмыс уақыты 19:00-ге дейін ұзартылған.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның СҚО филиалы.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ ҚАЗАҚСТАН

6:45 «Жеке бапкер» 7:00 КӘСІПҚОЙ БОКС РЕЙТИНГТІК ЖЕКПЕ-ЖЕК ҚАНАТ ИСЛАМ (ҚАЗАҚСТАН) - ХУАН ДЕ АНХЕЛЬ (КОЛУМБИЯ) 9:00 «ТАҢШОЛПАН» 9:55 Майдангер хаттары 10:00 «Апта.kz» 11:00 «Дара жол» 12:25 «ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!» 12:30 «Елдің ерлігі» Д/ф 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:00 KAZNEWS 14:30 «ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!» 14:35 «Отан үшін отқа түскендер» Д/ф 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!» 16:45 «Дарига, сол қыз...» 17:30 Майдангер хаттары 17:35 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 18:05 ҚР МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ 19:30 KAZNEWS 20:20 «СЕРПІЛІС» 21:05 Т/х «Қасым» 0:40 KAZNEWS 1:25 «SPORT. KZ» 1:45 «Менің Қазақстаным!» 2:15 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:25 «Әскери әндер» Концерт 3:00 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:45 «Мен көрген соғыс» 07:55 «Ұмытылмас сәттер» 08:00 Б.Төлегенова «Сырымды айтсам деп едім» 09:25 «Моя история войны» 09:40 «Незабытые истории...» 09:45 Фильм из цикла «Истории огненных лет» - «Ярость благородная» 10:15 Кино «Небесный тихоход» 11:40 «Жеңіске құрмет» 12:30 «Бұрым туралы баллада» Д/ф 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 памяти М.Магомаева «Пока я помню, я живу!» 15:00 Новости 15:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 17:00 Новости 17:15 Фильм из цикла «Истории огненных лет»: «В небе только асы» 17:50 «Отаным – қорғаным» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Кино «Четыре пера» 23:35 Кино «Черный ястреб» 01:55 Қорытынды жаңалықтар 02:25 «Айбын» 02:55 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:10 «П@УТИНА» 6:30 Т/с «УМНИК» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 «НАША ВОЙНА» 9:00 «ДЕНЬ ПОБЕДЫ» 13:00 МОСКВА КРАСНАЯ ПЛОЩАДЬ ПАРАД, ПОСВЯЩЕННЫЙ ДНЮ ПОБЕДЫ ПРЯМОЙ ЭФИР 14:00 «СТАРОЕ РУЖЬЕ» 17:05 «А ЗОРИ ЗДЕСЬ ТИХИЕ...» 17:55 «СВЕТЛОЙ ПАМЯТИ ПАВШИХ В БОРЬБЕ ПРОТИВ ФАШИЗМА» МИНУТА МОЛЧАНИЯ 18:00 «А ЗОРИ ЗДЕСЬ ТИХИЕ...» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «БЕССМЕРТНЫЙ ПОЛК» 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «БЕССМЕРТНЫЙ ПОЛК» 0:00 Кино «В БОИ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ» 1:30 Т/с «УМНИК»

РОССИЯ 1

04.30, 10.00, 17.00, 19.30, 22.30 Т/с «Истребители» 06.00 «День победы». Праздничный канал 09.00 Москва. Красная площадь. Военный парад, посвященный 71-й годовщине победы в Великой Отечественной войне 1941 г. - 1945 г. 12.00, 19.00 Вести 14.00 «Бессмертный полк». Шествие в честь 71-й годовщины Великой Победы 21.00 Праздничный салют, посвященный Дню Победы 21.15 Концерт «Песни военных лет» 00.40 Х/ф «Мы из будущего» 02.50 «Агент а/201. Наш человек в гестапо». 1 ч. (12+) 03.35 «Комната смеха»

СЕЙСЕНБІ, 10 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «Таншолпан» 10:00 «ВАЛЛ-И» М/ф 11:30 «Мен көрген соғыс» Д/ф 12:30 «Елдің ерлігі» Д/ф 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:00 «Бәрекелді» 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жігіттер» 17:40 «АЛАШ КӨСЕМІ ӘЛИХАН» 18:05 ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «ЕҒІ ФАШЫҚ» 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОҢАБАЕВ» 23:30 «Қыздар» 0:15 KAZNEWS 1:05 Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концерт 2:20 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев»

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:30 Д.Танатаров «Отаным десемі» 09:15 Фильм из цикла «Истории огненных лет»: «Летописцы победы» 09:45 «Моя история войны» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 11:00 Новости 11:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 12:00 Мерекелік жоба «Отаным – қорғаным» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Посвящение Великой Победе» 15:00 Новости 15:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 17:00 Новости 17:15 Ұлы жеңіс күніне орай «Отан деп оққан жүрегің» 18:50 «Жауынгер» Д/ф 19:20 «Әсем әуен» 19:50 «Моя история войны» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты 23:00 Кино «Иллюзия обмана» 01:00 Конкурс песни «Евровидение-2016»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «П@УТИНА» 6:25 Т/с «УМНИК» 9:00 Кино «БЕЛОРУССКИЙ ВОКЗАЛ» 10:45 Кино «ДИВЕРСАНТ КОНЕЦ ВОЙНЫ» 16:45 «РОДИНА» 18:30 «ДИВЕРСАНТ КОНЕЦ ВОЙНЫ» 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:15 «П@УТИНА» 23:40 КОНЦЕРТ «БУДЕМ ЖИТЬ!» 1:40 Т/с «УМНИК»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50, 03.45 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Верни мою любовь» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.30 Евровидение - 2016 г. 1-й полуфинал 23.55 Ночная смена. «А ну-ка, бабушки! От бураново до Баку». «Эдита Пьеха. Русский акцент». (12+) 01.45 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 02.45 «Агент а/201. Наш человек в гестапо». 2 ч. (12+)

СӘРСЕНБІ, 11 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Т/х 10:50 «Біздің ағай» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Елдің ерлігі» Д/ф 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «Жарқын бейне» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Т/х 22:00 «КЕЛІН» Т/х 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОҢАБАЕВ» 23:30 «Қыздар» 0:15 KAZNEWS 1:05 «Біздің ағай» Т/х 1:50 «Жарқын бейне»

2:20 «Табыс сыры» 2:40 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев»

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/х «Бауыржан Момышұлы» 11:00 Новости 11:10 Аспаздық бағдарлама «Сықырлы ас үйі» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» 12:15 Т/х «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Т/с «Семейные мелодрамы» 14:10 Т/с «Катина любовь» 15:00 Новости 15:10 Т/х «Көршілер» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үйі» 17:00 Новости 17:15 Т/с «След» 18:00 «Қайсар жандар» 18:30 Т/х «Ұзақ жол» 19:05 Т/х «Қыз жолы» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Конкурс песни «Евровидение-2016» 23:30 Кино «Перевозчик: Наследие» 01:30 «Негізінде...» 01:35 Қорытынды жаңалықтар 02:05 «Арман қанатында» 02:25 «Сотқа жеткізбей» 02:55 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «СКЛИФОСОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/х 13:25 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:20 «ПРАВДА» 14:25 Комедия «СВАТЫ 6» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА» Т/х 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 Т/с «ОБИНИМА НЕБО» 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:35 «САПА БАҚЫЛАУДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50, 03.45 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Верни мою любовь» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Х/ф «Нелегкое счастье» 21.55 «Специальный корреспондент» 23.40 Ночная смена. «Война 2.0. Пиратская версия». «Научные сенсации. Хакеры смерти». (12+) 01.50 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 02.45 «Комната смеха»

БЕЙСЕНБІ, 12 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Т/х 10:50 «Біздің ағай» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Елдің ерлігі» Д/ф 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ - АСТАНАДАҒЫ ӨНЕР МЕКТЕБІ» 18:15 «АГРОБИЗНЕС» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Т/х 22:00 «КЕЛІН» Т/х 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОҢАБАЕВ» 23:30 «Қыздар» 0:15 KAZNEWS 1:05 «Біздің ағай» Т/х 1:50 «Тәуелсіздік құрдасы - Астанадағы өнер мектебі» 2:10 «Жан жылуы» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев»

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 М/с «Шеңячяң патруль» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» 12:15 Т/х «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Т/с «Семейные мелодрамы» 14:10 Т/с «Катина любовь» 15:00 Новости 15:10 Т/х «Көршілер» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үйі» 17:00 Новости 17:15 Т/с «След» 17:55 «Тағдыр жолы» 18:20 Т/х «Ұзақ жол» 19:10 Т/х «Қыз жолы» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Кино «Левша» 23:30 Т/с «След» 01:00 Конкурс песни «Евровидение-2016»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «СКЛИФОСОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/х 13:25 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:20 «ПРАВДА» 14:25 Комедия «СВАТЫ 6» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 16:45 «РОДИНА» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА» Т/х 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ОБИНИМА НЕБО» 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:35 «САПА БАҚЫЛАУДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Верни мою любовь» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.30 Евровидение - 2016 г. 2-й полуфинал 23.00 Ночная смена. «А. Пахмутова. Отвечу за каждую ноту». 01.05 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 02.00 «Гений из «Шарашки». Авиаконструктор Бартини». (12+) 03.00 «Комната смеха»

ЖҰМА, 13 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Т/х 10:50 «Біздің ағай» Т/х 11:40 «Айтуға оңай...» 12:25 «Жеңісті жақындатқандар» Д/ф 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «ИМАН АЙНАСЫ» 18:15 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:05 ПАРЛАМЕНТ 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!» 22:30 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 KAZNEWS 0:35 Парламент 0:45 «Біздің ағай» Т/х 1:30 «Иман айнасы» 1:50 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:00 «Ғасырлар үні» Д/ф 2:30 «Сіз не дейсіз?»

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 М/с «Шеңячяң патруль» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» 12:15 Т/х «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Т/с «Семейные мелодрамы» 14:10 Т/с «Катина любовь»

15:00 Новости 15:10 Т/х «Көршілер» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Өмір сабақтары» 16:50 «Экономкласс» 17:00 Новости 17:15 Т/с «След» 17:55 «Тур де Хавар» 18:25 Т/х «Ұзақ жол» 19:15 Т/х «Қыз жолы» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:30 Конкурс песни «Евровидение-2016» 23:30 Кино «Боец» 23:30 Қорытынды жаңалықтар 00:00 «Сотқа жеткізбей» 00:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «СКЛИФОСОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/х 13:45 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:40 «ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 Кино «ЗИМНЯЯ ВИШНЯ» 17:35 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 Лотерея «АВТОКУШ» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «ЗОЛОТОЙ ГРАММОФОН» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 4:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Верни мою любовь» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 «Вечер». (12+) 21.50 «Репортер. К 25-летию «Вестей». (12+) 23.40 Х/ф «Кандагар» 01.50 «Диктор Иванович. Солдат телевидения» 02.50 «Комната смеха»

СЕНБІ, 14 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:10 «Ертегілер еліне саяхат» М/ф 8:30 «Жаңа қоныс» Т/х 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:05 «Әзіл әлемі» 10:30 «Намыс дода» 13:10 «ТАБЫС СЫРЫ» 13:30 «Азаттықтың алтын бесігі» 17:35 «Намыс дода» 18:45 «Сағындырған әндер-ай!» 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік әндер» 21:00 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН» 0:05 KAZNEWS 0:40 «Road to France» « UEFA EURO-2016» 1:10 Кино «Арғымақ»

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:10 «Әсем әуен» 08:50 «Продвопрос» 09:15 Аспаздық бағдарлама «Сықырлы ас үйі» 09:45 Кино «Артур и месье Урдалака» 11:10 М/с «Инвизималс» 11:35 Сказка «Беляница и Розочка» 12:40 «Орталық Хабар» 13:55 «Жұлдызды дода» 15:30 Т/х «Болашағым өз қолымда» 17:15 «Ертеңгі сенемін» 19:40 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 Кино «Легенда» 00:20 Т/с «След» 01:00 Конкурс песни «Евровидение-2016»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 8:00 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ХОЧУ ЗАМУХ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «П@УТИНА» 14:30 «ЗОЛОТОЙ ГРАММОФОН» Часть 2 17:15 Т/с «ГЕНЕРАЛЬСКАЯ СНОХА» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «ГЕНЕРАЛЬСКАЯ СНОХА» 22:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 23:10 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:50 «БЕЗ СТРАХОВКИ» 2:20 «112 НЕДЕЛЯ» 2:40 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 3:25 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 4:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

РОССИЯ 1

03.45 Х/ф «Всем - спасибо!...» 05.45 «Диалоги о животных» 06.40, 10.10, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00 Вести 07.10 Россия. Местное время. (12+) 08.15 «Правила движения». (12+) 09.10 «Личное. Гоша Куденко». (12+) 10.20 Х/ф «Маша и медведь» 12.00, 13.30 Х/ф «Чужая женщина» 16.00 «Один в один. Битва сезонов». (12+) 19.00 Вести в субботу 20.30 Евровидение - 2016 г. Финал 01.10 Х/ф «Плохая соседка» 03.20 «Комната смеха»

ЖЕКЕНБІ, 15 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:10 М/ф 8:30 «Жаңа қоныс» Т/х 9:00 «БҮГІН ЖЕКЕНБІ» 11:00 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ» 11:45 «Сәлем, Қазақстан!» 13:15 «КЕЛБЕТ» 13:45 «Азаттықтың алтын бесігі» 16:00 «Қос шырақ, қоңыр әуен» 18:00 «Әзіл әлемі» 20:00 «АПТА.КЗ» 21:05 «ӨМІР-ҚӨКТЕМ» 23:15 «Білгірлер бәйгесі» 0:00 «Road to France» « UEFA EURO-2016» 0:30 Кино «Тел өскен ұл» 1:50 «Сәлем, Қазақстан!»

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:15 «Әсем әуен» 09:00 «7 күн» 10:00 «Ас арқау» 10:25 «Тур де Хавар» 10:55 Кино «Школьные секреты» 12:30 Сказка «Дьявол с тремя золотыми волосками» 13:35 «Бенефис-шоу» 14:50 Конкурс песни «Евровидение-2016» 16:50 Т/х «Болашағым өз қолымда» 18:30 «Қызық times» 19:45 «Жұлдыздар айтысады» 21:00 «7 күн» 22:00 Кино «16 кварталов» 23:40 Т/х «Құрбылар» 01:20 Балет

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 7:50 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 8:25 «П@УТИНА» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗЛОТО» 10:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 11:55 «БОЛЬШОЙ ПАТРУЛЬ» 12:20 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:20 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 14:40 КОМЕДИЯ «ЛЮБОВЬ В БОЛЬШОМ ГОРОДЕ 3» 16:15 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!» 17:15 Кино «МОЯ МАМА ПРОТИВ» 21:00 «КАНАЛИТИКА» 22:00 «П@УТИНА» 22:55 «ӘН ДАРИЯ» 23:45 «8 НОВЫХ СВИДЕНИЙ» 1:30 «П@УТИНА» 2:20 «БОЛЬШОЙ ПАТРУЛЬ» 2:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 3:15 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 4:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

РОССИЯ 1

04.00 Х/ф «Ларец Марии Медичи» 06.00 Мульт утрот 06.30 «Сам себе режиссер» 07.20, 02.55 «Смехополанорама» 07.50 «Утренняя почта» 08.30 «Сто к одному» 09.20 Вести-Москва 10.00, 13.00 Вести 10.10, 13.20 Х/ф «Отцовский инстинкт» 14.35 «Юмор! Юмор! Юмор!». (16+) 17.00 Х/ф «Возраст любви» 19.00 Вести недели 21.00 «Воскресный вечер». (12+) 23.00 «Дежурный по стране» 00.00 Т/с «По горячим следам» 01.55 «Последний солдат. Афганистан». (16+) 03.25 «Комната смеха»

Мамыр айына Айыртау аудандық мәслихатының хатшысының және облыстық, аудандық депутаттардың азаматтарды қабылдау кестесі

(сағат 15.00-ден сағат

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	5/05 БС	6/05 ЖМ	7/05 СН	8/05 ЖК	9/05 ДС	10/05 СС	11/05 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+15 +5	+16 +4	+18 +7	+11 +3	+12 +4	+10 +3	+11 +5
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		734	734	733	737	736	730	732
Желдің бағыты		С	Б	Б	С-Ш	С-Ш	О-Б	С-Б
Желдің шапшаңдығы		1-3	2	5-7	3-5	3-5	3-5	4-6

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ұлт денсаулығы. Спорттық Қазақстан

КӨҢІЛДІ СТАРТ БАСТАУ АЛДЫ

Сәуірдің 26 жұлдызында жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатында №7 өрт сөндіру бөлімінің бастамасымен «Көңілді старт» балалардың спорттық ойындары өтті.

Гудзикович ұйымдастырып, жүргізді. Әрбір сайыс балалардың жылдамдығы мен шапшаңдығына, ептілігі мен жылдам ойлауына, өз өнерлерін көрсетуі мен команда болып ұйымдаса алуына құрылған. Сонымен қатар, сайыстың алғашқы турында үстелге қаз қатар қойылған



Спорттық жарыс 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналып өткізілді. «Көңілді старт» жарысы жылсайынғы дәстүр бойынша өткізілді. Сонымен қатар, аталмыш спорттық жарыстың басты мақсаты жасөспірімдерді өрт сөндіру қызметінің қыр-сырына баулу және Көкшетау қаласындағы техникалық институтқа (КТИ) бітіруші түлектерді оқуға шақыру болатын.

Спорттық жарысқа осы мекеменің директоры Елемес Қалиев, №7 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Сейілбек Сәрсенбаев пен осы бөлімнің қарауыл бастығы Шоқан Жетібаев және жеке құрам қызметкерлері қатысты.

Спорттық жарыс 4 турдан тұрса, әр турдың ішінде 4 сайыстан өткізілді. Жарысқа мектеп-интернатында тәрбиеленетін 8 отбасының әрқайсысынан екі баладан алып, 16 баланы екі командаға бөлді. Бірінші команда «Адреналин» деген атауды таңдаса, екінші команда өздеріне «Агент 01» атауын дұрыс көріпті. Және әр командаға бір-бір жеке құрам қызметкерлері қосылып, тартысты сайыстың көркін қыздырды. Жарысты «Достық» деп аталатын 6 отбасының тәрбиешісі Надежда

сурет қиындыларының арасынан өрт қауіпсіздігі кезінде қолданылатын және көмек көрсетуге арналған құралдар мен аспаптарды тауып алудан өткізілсе, үшінші турда команда капитандары жекелеген сайыста өртсөндіруші қызметкерлердің арнайы киімін жылдам, әрі дұрыс кию бойынша сынға түсті. Үш адамнан құралған қазылар алқасы екі команданың сайыстағы бастан-аяқ жинаған ұпайларын есептеп, жеңімпаз команданы да анықтап берді.

Сайыстың қорытындысында 76 ұпаймен «Адреналин» командасы жеңімпаз деп танылды. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталса, жарыс барысында ерекше өнер көрсеткен оқушыларға да дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Бәрі мұнымен біткен жоқ. Жарыс соңынан барлық жарысқа қатысушылар мен тәрбиеленушілер және өртсөндірушілер ғимарат алаңына шығып, арнайы флешмоб биледі. Флешмобта сарғыш, ақ, сары түсті жейде киген оқушылар мен арнайы киімдегі өртсөндірушілер КТИ жазуының бейнесін келтіріп биледі.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Интеллектуалды ұлт. Нұрлы болашақ

Өнерлі өрге жүзеді

Өнер десе ішкен асын жерге қоятын қазақтың ұланы жастайынан би өнеріне құштар болып өсті. Мектепте оқып жүрген кезінде биге әуес болатын. Түрлі ұлттың биін білетін Сабыржанның болашақта балет әртісі болып шығатынын кім білген?



Отбасында төрт ұл тәрбиелеп отырған ата-анасы ұлдарының биге деген қабілетін байқаған соң, баласының талабын құптап Астана қаласындағы музыка колледжіне

оқуға жібереді. Бойында өнерге деген құштарлық пен талант қоса ұштасып, Қазақ ұлттық өнер университеті жанындағы музыкалық мектепті 2010-2012 жылдары оқып бітіріп, аталмыш оқу орнын балет әртісі мамандығы бойынша 2015 жылы аяқтап шықты. «Шабыт» ансамблінің мүшесі.

Хореография факультетінде білім алған жылдары өткізілген барлық іс-шараларға ат салысып, «Шабыт» ансамблінің шығармашылық табыстарға қол жеткізуіне үлес қосқаны үшін 2014 жылғы Мультимедени өнер форумында Алғыс хатпен, 2013 жылғы IX ұлттық жастар делюрийлік ойындарына қатысқаны үшін Мадақтама грамотамен марапатталды.

Университеттің қоғамдық өмірінің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін 2015 жылы ректор Айман Мұсаходжаеваның Алғыс хатымен марапатталды.

Гастрольдік сапармен бірқатар шет елдерде болды, атап айтар болсақ, Италия, Германия, Ресей, Оңтүстік Корея, Түркия, Америка елдерінде өнер көрсетіпті. Нью-Йорк қаласына барған сапарында, әлемнің басқа бір қиырында бір ауылдан, бір мектептен түлеп ұшқан қос жерлес, бірі – өнер саласында жүрген балет әртісі Сабыржан Придонов болса, бірі – Колумбия университетінің магистранты Гүлзада Әленова екеуі кездеседі. Өзге елде жүріп жерлесін кездестіру деген туған жерді, кіндік қаны тамған жерін көрумен бірдей. Әлемнің түпкір-түпкірін аралап жүрсе де, туған жерге ешқашан жер жетпейді.

Сабыржанға тек қана табыс, биіктен көріне бер демекпіз.

Алмагүл БЕЛГІБАЕВА,
Бірлестік ОМ-нің мұғалімі.

Суретте: төменгі қатардағы сол жақтағы С.Придонов.

Құттықтаймыз!

Білім саласында ұзақ жылдар бойы елеулі еңбек етіп, ұлағатты ұстаз, білікті басшы болып жүрген **Нұрпейісов Алданыш Нұрахметұлы** мамыр айының 7 жұлдызы күні 60 жасқа толмақшы.

Мерейтой иесіне зор денсаулық, мол бақыт, отбасылық қуаныш тілей отырып:

Құтты болсын осы 60 жасыңыз!
Аман болсын әркез газиз басыңыз.
Қалаулысы болып және халқыңның,
Алла қолдап 100 дауы асыңыз.
Мақтан тұтып ұлыңыз бен қызыңыз,
Қуаныштан жайнап жүрсін жүзіңіз.
Мұхиттарды бығындырған кемедей,
Арпта қалсын ұлағатты ісіңіз - демекпіз.
Игі телек иелері: **дәуқаралық ұстаздар** ұжымы.

* * *

Айыртау ауданы Борлық ауылында тұратын ардақты ана, мейірімді әже **Ғалия Жаңбыршықызын** 10 мамырда 80 жасқа толуымен құттықтаймыз! Әрдайым ортамызда аман-сау болып, көңіліңізден шаттық кетпей, бізбен бірге бақыт аясында қызық-думанға толы ұзақ ғұмыр кешіңіз дейміз. Изгі ниетпен: **ұлдары-келіндері, қыздары-күйеу балалары және немерелері-шөберелері.**



«Алтын сапа» байқауына қатысыңыз

Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға жыл сайынғы республикалық байқау басталды. Оған солтүстікқазақстандық кәсіпкерлер де қатыса алады. Байқауға қатысуға өтінімдерді үстіміздігі жылдың 1 шілдесіне дейін беруге болады.

Бытырдан бастап байқауды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің «Атамекен» ұлттық палатасы болып табылады. Бүгіндері бұл байқау ұлттық бренд мәртебесін иемденді және сапа саласындағы ең беделді шаралардың біріне айналды. Мемлекет басшысының сыйлығы жыл сайын өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгені, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені, сондай-ақ, сапаны басқарудың жоғары тиімді әдістерін енгізгені үшін конкурстық негізде беріледі.

Аталмыш байқау осы заманғы менеджменттің даму үрдісі мен сапа жөніндегі Еуропа сыйлығы моделімен үйлестірілген үлгі бойынша өткізіледі.

Байқау мынадай аталымдар бойынша ұйымдастырылады:

- «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын»;
 - «Тұрғындар үшін тауарлар шығаратын үздік кәсіпорын»;
 - «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын».
- Әр аталымда санаттар бойынша үш сыйлық беріледі:
- шағын кәсіпкерлік субъектісі;
 - орта кәсіпкерлік субъектісі;
 - ірі кәсіпкерлік субъектісі.

«Алтын сапа» сыйлығына Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар шығарумен, қызметтер көрсетумен (қару-жарақ және әскери техника өндірісінен басқа) айналысатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үміткер бола алады.

Конкурс-көрмеге қатысуға өтінімдер беру мәселелері бойынша толық ақпараттарды мына мекенжайдан алуға болады: Петропавл қаласы, Абай көшесі, 29-үй, 101-кабинет, сайтты <http://www.altynsapa.kz>, телефоны: 8(7152)50-36-42.

Көрмеге тауарыңызды ұсыныңыз

Құрметті кәсіпкерлер, бүгіндері «Қазақстанның үздік тауарлары» өңірлік конкурс-көрмесіне қатысуға өтінімдер қабылданауда. Бұл Сіздердің өнімдеріңізді жарнамалаудың тамаша мүмкіндігі болып табылады.

Бұл конкурс-көрмеге біздің облыстың аумағында өнеркәсіп, азық-түлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы (қару-жарақ және әскери техника өндірісінен басқа) өнімдер шығаратын өнімнің тұрақты жоғары деңгейдегі сапасы мен оны жүйелі түрде жақсартуды қамтамасыз етуде жақсы нәтижелерге қол жеткізген жеке кәсіпкерлермен қатар заңды тұлғалар да қатыса алады.

Конкурс-көрме мынадай аталымдар бойынша өткізіледі:

- «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар»;
- «Тұрғындарға арналған үздік тауарлар»;
- «Үздік ауыл шаруашылығы тауарлары».

Конкурс-көрмеге қатысу бұл әрбір кәсіпорын немесе жеке кәсіпкер үшін жарнама жасау мен тұтынушылар тартудың нақты мүмкіндігі болып саналады. Конкурс-көрмеге қатысуға өтінімдер үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Өңірлік байқаудың әр аталымы бойынша бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған жүлдегерлер республикалық «Қазақстанның үздік тауары» конкурс-көрмесіне қатысады.

Конкурс-көрмеге қатысуға өтінімдер беру мәселелері бойынша толық ақпараттарды мына мекенжайдан алуға болады: Петропавл қаласы, Абай көшесі, 29-үй, 101-кабинет, сайтты <http://www.altynsapa.kz>, телефоны: 8(7152)50-36-42.

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Городицкий Алексей Владимирович** әр аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8 (71533) 23-148 сенім телефоны** қызмет етеді.

Еске алу



Сарыөзек ауылының тумасы, өмірінің соңына дейін қазіргі Тайынша ауданына қарасты Большой Изюм ауылында бас есепші болып қызмет атқарған **Бақытжан Молдашұлы Молдашев** 1996 жылы бұл өмірден бақылыққа озған болатын. Қазіргі уақытта арамызда көзі тірі болса, 2 сәуір күні 70 жасқа толып, баршамыздың ортамызда жарқырап отырар еді. Амал нешік, ол күнге де жеткізбеді...

Табатын салауаттан жаны байыз, Десек те, уақытымен алыспаймыз. Өзіңді туған күні еске алып, Рухыңа дұғамызды бағыштаймыз.

Еске алушылар: **ағасы – Мерей, қарындасы – Гүлнар, күйеу баласы – Қанат, жиендері – Әлібек, Ермек.**

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы **Ирина БУРКОВСКАЯ**
Редактор **Бағлан ҚОЖАҚОВ**

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші **Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА**
Басушы-теруші **Елена НЕСВЕТЕЕВА**

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.